

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс жасайтын мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін біржолғы ақшалай төлем мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 267-XXVIII шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2010 жылғы 25 мамырда N 4-8-189 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 6 ақпандағы № 117-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы аудандық мәслихатының 06.02.2013 № 117-V шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасын және аудан әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 134 қаулысы негізінде аудандық Мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс жасайтын мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен 5 000 (бес мың теңге) әлеуметтік көмек беру мөлшері белгіленсін.

2. Осы шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізілсін.

*Аудандық мәслихаттың кезектен тыс
XXVIII сессиясының төрағасы Ж. Шакупов
Аудандық Мәслихат хатшысы Р. Сұлтанияев*